

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Көкөністер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
31.08.2017СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/16535/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Козиева Махаббат Джармаханқызы

## Сабақтың мақсаты:

**Білімділігі:** Көкөністер түрін ажырата білу және олардың көбею жолдарын анықтау. Түйнек, пиязшық, орамжапырақ, жемтамырлар туралы мәлімет алу.

**Дамытушылығы:** Оқушылардың тілін дамыту, сөз қорын молайту, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, айналадағы дүниені тани біліп, өмірмен ұштастыра білуге баулу.

**Тәрбиелілігі:** Табиғатты сүюге, өсімдіктерді қорғауға, қоршаған ортаны таза ұстауға, еңбексүйгіштікке, өзгенің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** сұрақ-жауап, топтық жұмыс, сайыс.

**Пәнаралық байланыс:** математика, бейнелеу, дүниетану

**Қолданылған технология:** сын тұрғысынан ойлау

**Көрнекіліктер:** интерактивті тақта, кубиктар, қима қағаздар, суреттер.

## Сабақтың барысы:

## I. Ұйымдастыру кезеңі.

Қанеки, дәстүрлі «Шаттық шеңберін» құрып, қол ұстасып мына келген қонақтарымызбен амандасайық.

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Барша жанды құрметтеп,

Бас иеміз біз.

— Бір сәт тақтаға көңіл аударайықшы

Нені көріп отырсыздар ?

- Күнді
- Дұрыс айтасыңдар
- Осы күннің әр шапағында жұмбақ жасырынған.

Егер кім-кім жұмбақтың шешуін тауып, жауабын айтса, бүгінгі сабақта қандай тақырып төңірегінде мағлұмат алатынымыз белгілі болады.

— Ол үшін ойын ойнайық.

Ал, балалар, ойнайық,

Ойнайық та, ойлайық.

Қандай жұмбақ болса да,

Шешпей оны қоймайық.

1. Ашулы қонақ бұл анық,

Тонып шешсе, жыладық. (Пияз)

2. Жер астында жез қазық,

Жеуге болар ас қазық. (Сәбіз)

3. Аласа ғана бойы бар,

Қабат-қабат тоны бар.(Орамжапырақ)

4. Үстіне тігіп көк шатыр ,

Астында қызғылт дәу жатыр .(Қызылша)

5. Әр желінің асты толған көк қоян,

Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям. (Қияр)

## II. Жаңа сабақ

Балалар, сонымен бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Көкөніс». Көкөністер күннің сәулесінен қуат алып, жылуынан құнарланып, гүлдеп, түйнек салады, жеміс береді. **1-слайд**

- Балалар, сендер көкөністің жансыз бейнесін көріп отырсыңдар.

Енді, көкөністің табиғи түрін көргілерің келе ма?

- Иә
- Олай болса маған назар аударыңдар.

Көкөністер – бағалы тағам. Олардың тағамдық мәні бойындағы өте сіңімді заттардың, ішінара көмір сулардың болуына байланысты. Көкөністерде адам организмiне қажеттi дәрумендер мен минералды тұздар көп

### III. Топтық жұмыс

1. Үстелдің үстінде жатқан қағаз қиындыларын құрастыру. (әр үстелде көкөністердің суреттері құрылады. Сол құрылған сурет топтың аты болады.)  
Ұпайларын санап отыру.

**1 - тапсырма. Әр топқа тапсырма беру.**

#### 2-слайд

- 1 – топ қызанақ туралы сипаттама беру. (түсі, пішіні, дәмі, салмағы, сапасы т.б.).
- 2 – топ орамжапырақ туралы сипаттама беру. (түсі, пішіні, дәмі, салмағы, сапасы т.б.).
- 3 – топ сәбіз туралы сипаттама беру. (түсі, пішіні, дәмі, салмағы, сапасы т.б.).

4 – топ картоп туралы сипаттама беру. (түсі, пішіні, дәмі, салмағы, сапасы т.б.).

**2 - тапсырма.** Жұмбақтар сайысы. Әр топ бір-біріне жұмбақ жасырады.

**3 - тапсырма.** Көкөністер мен жемістерді ажырату. Флипчартта орындау.

#### 3-слайд

#### 4-слайд

**4 - тапсырма.** Графикалық тақпақ жаттау.

Бақшасында атамның

Көкөністер көп екен

Теріп, жинап аламыз

Себеттерге саламыз

Пияз, картоп, қызылша

Түйнек, сәбіз, қызанақ

Орамжапырақ қиярлар  
Жалқан болса тағы бар.

### 5- слайд

#### IV. Шығармашылық тапсырмалар.

1 – топ мақалды жалғастыр «Ағашы аласа болса да? Алмасы тамаша» Адам көркі – шүберек, ағаш көркі – жапырақ,

2 – топ ребус шешу (орамжапырақ),

3 – топ көкөністерді геометриялық фигуралар арқылы сәйкестендіру. Қияр-сопақ, қызанақ-домалақ, пияз-үшбұршақ.

4 – топ жасыл, қызыл, тоқ сары, күлгін түстерді көргенде қай көкөністер елестейді, соны қайшымен қиып беріңдер.

### 6-слайд

#### 1. V. Ой шақыру:

Вени диаграммасын салу. Көкөніс – адам денсаулығына пайдалы – дәрумен-тағам-мәдени өсімдік-бақша көркі-көмірсу.

#### VI. Үй тапсырмасы: Көкөністер туралы ертегілер оқып келу.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.